

**Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтаудың және қалпына келтірудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 267 Қаулысы**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына және "Киікті қорғау және өсімін молайту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 980 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса беріліп отырған Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтаудың және қалпына келтірудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.
- Облыстардың әкімдері:
  - 1) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;
  - 2) жыл сайын, келесі жылдың 10 қаңтарына Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы хабардар етсін.
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі келесі жылдың 10 ақпанына Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.
- Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету бойынша бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.Ә. Үмбетовке жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 25 наурыздағы  
N 267 қаулысымен  
бекітілген

**Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау және қалпына келтірудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы**

**1. Бағдарлама паспорты**

Атауы	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау және қалпына келтірудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашышылығы министрі А.С. Есімовте 2003 жылғы 3 қазанда болған кеңестің N 17-64/002-318 (2.1-т) хаттамалық шешімі
Бағдарламаның негізгі әзірлеушісі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Бағдарламаның мақсаты	Жаппай браконьерлікке жол бермейтін және Қазақстанның тұяқты жабайы жануарларының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерінің санын тұрақтандыруға және олардың таралымдарын қалпына келтіруге негіз болатын нормативтік-құқықтық және ұйымдық-шаруашылық шаралардың негізінде оларды сақтау және күзету
Бағдарламаның міндеттері	<p>Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді жаппай браконьерлікті болдырмауды қамтамасыз ететін деңгейге дейін күзетуді ұйымдастыру;</p> <p>тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау жөніндегі заң шығару шараларын күшейту;</p> <p>тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер санының шынайы, тиімді жыл сайынғы есебін алуды ұйымдастыру;</p> <p>тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралымдарына және тіршілік ортасына бақылау (мониторинг) жүйесін ұйымдастыру;</p> <p>тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің гендік қорын сақтаудың және олардың оңтайлы санын айқындаудың биотехнологиялық негіздерін әзірлеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу</p>

Бағдарламаны 2005 - 2007 жылдар  
іске асыру  
мерзімі

Бағдарламаны Республикалық, жергілікті бюджеттер және Қазақстан  
қаржыландыру Республикасының заңнамасы тыйым салмаған өзге  
көздері тартылатын қаражат.  
Бағдарламаны іске асыруға байланысты болжамды  
қаржы шығындары үш жыл ішінде -  
844551000,0 теңге болады,  
соның ішінде:  
1) республикалық бюджет:  
2005 ж. - 175274000,0 теңге;  
2006 ж. - 184038000,0 теңге;  
2007 ж. - 193239000,0 теңге  
2) жергілікті бюджет:  
2006 ж. - 60000000,0 теңге  
2007 ж. - 46500000,0 теңге  
3) табиғат пайдаланушылармен қол қойылған  
келісім шеңберінде:  
2005 ж. - 51000000,0 теңге;  
2006 ж. - 62000000,0 теңге;  
2007 ж. - 72500000,0 теңге.

Бағдарламаны Тоғай кермаралының, қарақұйрықтың, арқарлардың,  
іске асырудан құландардың, киіктердің санын тұрақтандыру және  
күтілетін олардың таралу аймақтары бойынша сан өсімінің  
нәтижелер есептік деректерімен тіркелген таралымдарын  
қалпына келтіру

## 2. Кіріспе

Салалық бағдарлама "Қазақстан Республикасында салалық (секторальдық) және аймақтық бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 231 қаулысының талаптарына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовте болған кеңестің хаттамалық шешіміне (Астана қаласы, 2003 жылғы 3 қазандағы N 17-64/002-318 (2.1-т.) сәйкес әзірленді.

Тұяқты жабайы жануарлар қазіргі кезде адамның назарын эстетикалық мақсаттар тұрғысынан да, селекциялық жұмыстар үшін перспективалы объектілер ретінде практикалық тұрғыдан да, саны едәуір көп болған кезде - бағалы аңшылық объектілері (ет, тері, олжа, дәрі-дәрмектік шикізат) тұрғысынан да аударлады. Тұяқты жабайы жануарлардың адам үшін осындай зор маңызға ие бола отырып, ғасырлар бойы адамның олардың ізін аңдығанына таң қалуға болмайды, түрлердің бір бөлігі құртып жіберілді, ал кейбіреулері жойылып кету алдында тұр.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына тұяқты жануарлардың 9 түрі мен түр тармағы енгізілген, олар: қаратау арқары (*Ovis ammon nigrimontana*), тянь-шань арқары (*Ovis ammon karelini*), қазақстан

арқары (*Ovis ammon collium*), қызылқұм арқары (*Ovis ammon severtzovi*), алтай арқары (*Ovis ammon ammon*), үстірт арқары (*Ovis ammon arkal*), қарақұйрық (*Gazella subgutturosa*), тоғай кермаралы (*Cervus elaphus bactrianus*), түркмен құланы (*Eguus hemionus onager*).

Арқарлардың үш түр тармағы мен тоғай кермаралы құрып кетуге жақын, қалғандары таралу мен сан мөлшері мәртебесінің II және III санаттарына жатқызылған, яғни азайып бара жатқан және сирек кездесетін түрлер. Барлық түрлер мен түр тармақтарының таралу аймағы ала-құла және аз. Олардың таралымының жай-күйі қазіргі кезде иір ойықты қаруы, аса өтімді автомобиль және қарда жүретін көлігі, әсіресе жүрдек кросс мотоциклдері бар браконьерлер тарапынан тым мүшкіл сипат алып отыр, бұл олардың таралымдарын сақтау үшін алаңдаушылық туғызуда. Жануарлар дүниесін күзетудің пәрменді республикалық қызметі болмай отырған кезде жабайы құстарға, аңшылық олжаларына деген өскелең сұраным және сафари өткізуге құмартушылық барлық тұяқты жануарлар таралымдарының азып-тозуына түрткі болды, олардың санының мүлдем азайып кетуіне душар етіп, осы бағалы жануарларды толық құрып кету шегіне жеткізді.

Сонымен бірге киіктерді сақтау үшін қабылданған "Киікті қорғау және есімін молайту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 980 [қаулысы](#) 2005 жылға дейінгі кезеңде киіктер аулауға тыйым салуды тағы да белгіледі, сондай-ақ қаулыда киіктің жыл сайын есебін алып отыру және киіктер санын сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауға қаражатты ұлғайту көзделген.

Қабылданған шешімдерге тиісті бағасын бере отырып, олардың кеш қабылданғанын және киіктерді қорғау жөнінде шаралар қолдану тұрғысынан алғанда оларға нақты сипат берілмегенін мойындау керек. Практика бір ғана тыйым салу шараларымен және қолданбалы сипаттағы жартыкеш шаралармен браконьерлікті тоқтатуға болмайтыны туралы ашы шындықты тек қуаттап берді. Киіктер таралымының азып-тозуының тыйылмауы Қазақстан Республикасының аумағында киіктердің түр ретінде толық жойылып кетуіне душар етуі мүмкін екені аттөбеліндей мамандар тобына ғана емес, сонымен бірге дүниежүзілік жұртшылыққа айдан анық болып отыр.

Жоғарыда айтылған жәйттер жинала келіп осы бағдарламаны әзірлеу қажеттігін айқындап берді. Сонымен бірге 2003 жыл және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті "Охотзоопром" ӨБ" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының (бұдан әрі - "Охотзоопром" ӨБ" РМҚК) жұмыс істеп жатқан киіктер күзету қызметі киіктерді күзету мен олардың есебін жүргізу жүйесінің 2-3 жыл ішінде киіктер санын нақты тұрақтандыра алатын, яғни оның таралымдарының азып-тозуын тоқтата алатын нобайларын дәлме-дәл белгілеп берді. Таралымдардың азып-тозуын тоқтату таралымдарды бірқалыпты өсіп-өну деңгейіне дейін қалпына келтіру және киіктердің өз есімін өзі молайтатын ресурстарын кәсіпшілік мақсатта пайдалану мүмкіндіктері үшін объективті негіз қалайды.

Салалық бағдарламаны әзірлеу кезінде негізінен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің (бұдан әрі - ҚР АШМ Комитеті) қор материалдары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Зоология институтының (бұдан әрі - ҚР БҒМ Зоология институты) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 қазандағы N 1035 [қаулысына](#) сәйкес өткізілген 1998 - 2002 жылдардағы Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарларды шектеулі түрде алу мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдары

және "Охотзоопром" ӨБ" РМҚК-нің жануарлар дүниесін күзетуді ұйымдастыруының қазіргі тәжірибесі пайдаланылды.

### 3. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер таралымдарының қазіргі жай-күйіне талдау жасау және оларды қалпына келтіру проблемалары

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер таралымдарының азып-тозуына тұрткі болған факторлар негізінде олардың қазіргі жай-күйіне талдау жасай келіп, жануарлардың антропогендік осалдығын айқындайтын олардың әрбір түрінің биологиялық ерекшеліктерін бөліп алу қажет.

Киіктер санының ұзақ жылғы динамикасы қалың қарлы қаһарлы қыстар мен ауру-кеселдер осы түрдің өмір сүруінің бүкіл тарихы бойына ауық-ауық қайталанып отырғанын көрсетеді. Алайда бұрнағы жылдары жаппай қырылып қалғаннан кейін жануарлар саны өз өсімін өзі молайта алатын аз ғана мөлшерінің сақталып қалуы және аса өсімталдығы арқасында айтарлықтай тез қалпына келіп отырды. Ал қазіргі кезде киік санының тұрақты түрде азайып бара жату үрдісі байқалады. Бұл құбылыстың негізгі себебі – жылдың барлық маусымында киіктің таралу аймағының өн бойында браконьерліктің жаппай етек алуы. Шығыс медицинасында дәрі-дәрмектік шикізат ретінде қолданылатын киік мүйізіне деген сұраным браконьерліктің шашбауын көтеріп отыр. Мүйіздерді контрабандалық жолмен әкету 80-ші жылдардың аяқ шенінде-ақ басталып күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Сонымен бірге киіктерді және тұяқты жабайы жануарлардың басқа да сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін етін алу үшін де аулайды. Тоқсаныншы жылдардың екінші жартысында жануарлар күзетінің ведомстволық қана емес, тіпті республикалық қызметінің іс жүзінде мүлдем болмауы жағдайды тым ушықтырып жіберді.

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау проблемасы олардың таралу аймағының басқа мемлекеттері үшін де көкейкесті сипат алып отыр.

Мәселен, Қалмақстанда (Ресей Федерациясы) 1990 жылы "Черные земли" қорығы ашылды, мұнда негізгі қызмет объектісі киік болып табылады. 2001 жылы "Киіктердің қалмақ таралымын қорғау және сақтау жөніндегі төтенше шаралар туралы" Қалмақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданды, "Киіктерді қорғау" туралы республикалық Бағдарлама жасалды.

Жүргізіліп жатқан зерттеулердің негізгі бағыттары: әсіресе күйлеу мен төлдеу кезеңінде киіктердің биологиясын зерттеу, оларды жыл бойына аумақ бойынша бөлу, табиғи-климат факторларын, жемшөп базасын, жыртқыш аң-құстардың, мазалау факторларын ескере отырып, жануарларды белгілі бір жерге тұрақтандыру болып табылады. Жобаның элеуметтік бағытына – жергілікті халықтың киіктерді қорғауға деген мүдделілігін анықтауға зор маңыз берілуде.

Осы Бағдарлама шеңберінде Киіктерді қолда өсіру орталығының негізі қаланды, ол киіктердің еуропалық таралымының генетикалық қорын сақтауға, киіктердің жасанды таралымын алып, оларды қолға үйрету болып табылады.

2004 жылы Қырғызстан Республикасында арқарлар таралымдарын зерттеу, сақтау және ұтымды пайдаланудың 2004 – 2008 жылдарға арналған бағдарламасы

жасалды. Бағдарламаның мақсаты Қырғыз Республикасында мекендейтін арқарларды, олардың таралу аймақтарын, қазіргі жай-күйін, мекендеу жағдайларын және қоныс аудару жолдарын, олардың таралымдарын зерттеу және жүйелі түрде жіктеліп отыруына баға беру, олардың санын және мекендеу тығыздығын анықтау, республикада арқарлардың таралымдарын сақтау және ұтымды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Өзбекстанда 1960 жылы Нұратау мемлекеттік қорығын ұйымдастырғаннан кейін қызылқұм арқарларының саны қалпына келе бастады. 90-шы жылдардың бас кезінде осы қорықта осы қосымша түрдің 1000-дай арқары мекендеді.

### **3.1. Тоғай кермаралы**

#### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Тоғай кермаралы (*Cervus elaphus bactrianus*) – Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, бұғы тұқымдастар екілі.

Тоғай кермаралы немесе бұхар бұғысы кермаралдың барынша сирек кездесетін түр тармақтарының бірі және Қазақстан мен Орта Азияның шөлейт аймағының өзен аңғарындағы тоғайлы ормандарында мекендеуге бейімделген бірден-бір түрі болып табылады.

#### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Тарихи замандарда бұхар бұғысының таралу аймағы Амудария мен Сырдария өзендерінің аңғарларындағы биотоптарды, Қызылқұмды және Оңтүстік Арал өңірін қамтыған. Қазақстанда бұхар бұғысы Сырдария өзенінің төменгі және орта ағысындағы өзен аңғарының ормандарында және Қызылқұмда мекендеген. Нақ осы бұғының Қаратауда (Сырдариядағы) және Сарысу өзенінің төменгі сағаларында мекендегені ғажап емес. Бірақ өзен аңғарындағы биотоптарды игеру салдарынан, әсіресе ХХ ғасырдың орта тұсында Амудария және Сырдария өзендерінің атырабындағы ормандарды отау және жерлерді жырту салдарынан бұхар бұғысының таралу аймағы мен саны мүлдем азайып кетті. 60-шы жылдардың орта тұсына қарай бұхар бұғысы Орта Азия республикаларында, Амудария атырабында "Жолбарыс арқалығы", "Арал-Пайғамбар" қорықтарында және Дарғаната жерінде ғана сақталып қалды, мұнда олардың жалпы саны 350 – 400 дарақтан аса қоймады.

Қазақстан фаунасының ұдайы жұтандануына алаңдаған Қазақстан Зоология институтының ғалымдары тоғай кермаралын Сырдария өзенінің аңғарына қайта бейімдеп, кейіннен оны Шу, Іле, Шарын, Шелек, Қаратал, Ақсу және Қара Ертіс өзендерінің жазықтарына жерсіндіру қажеттігін негіздеп берді. 1981 жылғы наурызда 22 бұхар бұғысы Тәжікстаннан бұрынғы Қазақ ССР Министрлер Советінің Шаруашылық басқармасының Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығына әкелініп, мұнда олар қоршауда ұсталды. Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығын күзетудің ерекше режимі әкелінгеннен кейін бес-ақ жылдан соң олардың санын 60 дараққа 1991 жылға қарай (яғни 10 жылдан кейін) 120 дараққа дейін көбейтуге мүмкіндік берді. 2001 жылғы наурызда шаруашылық ауқымында ғана кемінде 300 бас бұхар бұғысы есепке алынды. Сонымен бірге 40 – 50 бұхар бұғысы мемлекеттік аңшылық шаруашылығына іргелес жерлерде мекендейді, осының нәтижесінде Қазақстандағы бұхар бұғысының жалпы саны қазіргі кезде 350-ге жуық дарақты құрайды. Сөйтіп, сыртқа шығарылған алғашқы жылдары бұхар бұғысы таралымының табиғи өсімі 18,5 пайыздан 22,8 пайызға дейін болды. Қазіргі кезде бұхар бұғысының Қарашеңгел таралымында 54,4% ұрғашы бұғы, 25,7% еркек бұғы және 19,6% төл бар. Соңғысы бұғыларда таралымның өсімі қазірге дейін өткен жылдар деңгейінде қалып отырғанына айғақ болады.

Соңғы тоғай кермаралдары Қазақстан аумағында өткен ғасырдың 50-ші жылдарының орта тұсында құрып кеткен болатын. Қазіргі кезде бұғылардың жерсіндірілген тобы Іле және Сырдария өзендерінің орта ағысында бар.

XIX ғасырдың аяғына дейін тоғай кермаралы Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысының сағасында - Арал теңізінен Қызылорда қаласына дейін үйреншікті түр болды, оның өзен ағысының жоғарғы сағасында да мекендегені туралы деректер бар. XX ғасырдың бірінші жартысында тоғай кермаралы Қазақстанда іс жүзінде құрып кетті; соңғы бұғылар Сырдария өзенінің атырабында 1956 жылы өлтірілді. 1981 жылы ол Іле өзенінің орта ағысының сол жағалауында - Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығында жерсіндірілді.

### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендеу ортасы - шөлейт аймақтар өзендерінің аңғарларында өсетін тоғайлы ормандар мен қамыстар. Қызылқұм шөлінің шет жақтарында сексеуіл жыңғылдарында мекендеді, бірақ шөлде судың жоғалып кетуіне байланысты Сырдария өзеніне қайта оралды. Шөлейт аймақтардың өзендері аңғарларының шаруашылық мақсатта игерілуіне және олардың реттеліп отыруына байланысты өзен жайылмасындағы ормандарының алқабы едәуір қысқарып кетті. Көлемі шағын учаскелерге ғана адам қолы тиген жоқ.

### **4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Сырдария жайылмасында тоғай кермаралдары маусымдық қоныс аударып отырды. Қызылқұмда судың жоғалып кетуімен олар шөл даладан Сырдария өзеніне барып, қар түскеннен кейін ғана кері оралатын. Тәжікстанда, "Томит" таулы қорығында тоғай кермаралдары жапырақты ағашты ормандар мен жеміс ағаштары екпелерінің белдеуінде мекендеп, қарсыз мезгілде биік таудағы аршалықтарға дейін көтеріледі. Қарашеңгелде бұлтты ауа райында жануарлардың бір бөлігі күндіз де жайылғанымен, негізінен таңертеңгілік және кешкілік мезгілдерде ширақтық танытады. Қыркүйек-қазанда күйлейді, мамыр-маусымда төлдейді. Көбінесе бір бұзау табады, 2 бұзау табу - сирек. Ұрғашы бұғылардың бір бөлігі шағылысуға тұңғыш рет 1,5 жаста қатыса берсе де, жыныстық жағынан 2,5 жаста жетіледі. Негізгі қорегі - әртүрлі шөптер, бұталар мен ағаштардың жапырақтарын, өркендерін және жемістерін сирек жейді. Азықтандыру алаңдары мен егістіктерде жақсы қоректенеді. Бәсекелестері - елік, қабан. Жаулары - қасқырлар мен қаңғыбас иттер; жаңа туған бұғы бұзауларына түлкі қауіпті.

### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Алматы хайуанаттар паркінде қолда ұсталатын олар ойдағыдай көбеюде.

2000 жылы Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының қаражатына Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында Сырдария өзенінің жайылмасында бұхар бұғысын өсіру үшін қоршалған орын салынды. Осы питомниктің негізгі міндеті бұхар бұғысын көбейтіп, кейіннен жануарларды Сырдария өзенінің жайылмасына жіберу, яғни бір кездері ол мекендеген жерлерде осы тұяқты жануардың таралу аймағы мен санын қалпына келтіру болып табылады. Питомниктің өсім молайту табыны "Бұхар бұғысын (жойылып кету қатері төнген түр) сақтау мен өсімін молайтудың экологиялық және физиологиялық негіздері" INTAS-96-1289 жобасы берген қаражатқа Қазақстан Республикасы Үкіметі Шаруашылық басқармасының Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығынан сатып алынған жануарлардан және Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығы питомникке тегін берген бұхар бұғыларынан қалыптастырылды. Қазіргі кезде бұхар бұғысының өсімін молайту жөніндегі Түркістан питомнигінде 9 бұғы (6 ересек ұрғашы, 2 еркек бұғы және 1 төл (ұрғашы) бар.

## **б) Тоғай кермаралы санының және оның таралымының жай-күйінің салыстырмалы динамикасы**

Қазақстандағы тоғай кермаралының бұрынғы саны туралы мәліметтер жоқ. 20-ғасырдың бас кезінде Сырдария өзенінің атырабында жыл сайын бірнеше дарақ ауланып отырған. 80-жылдардың орта тұсында Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығында олардың саны 60 дарақты құрады, ал 90-шы жылдардың аяғына қарай бұғылар саны 300 дараққа дейін көбейді.

### **3.2. Қарақұйрық**

#### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Қарақұйрық (*Gazella subgutturosa*) - Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастарының өкілі.

Қарақұйрықтар басқа да жабайы және шөп қоректі үй жануарларымен бірге қуаңшылық аймақтардың экологиялық жүйесінде өсімдіктің негізгі тұтынушылары болып табылады және, егер осылай тұтыну жол берілетін өлшемнен асып кетпесе, оның шығымдылығын арттыруға жәрдемдеседі. Ұзақ жылғы практика көрсетіп бергеніндей, қарақұйрықтардың бір бөлігін алу, егер түрдің табиғи өсімі биологиялық тұрғыдан рұқсат етілетін шекте жүргізілсе, оған нұқсан келтірмейді.

#### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Сирек кездесетін түр. Бірқатар аудандарда саны мен мекендейтін жерлері қысқаруда.

Оның таралу аймағының солтүстік бөлігі орналасқан Қазақстанда киіктер тегінің және киіктер тұқымдасшасының бірден бір өкілі.

20-ғасырдың орта тұсына дейін Қазақстанның іс жүзінде барлық жартылай шөлейт және шөлейт аймақтарында мекендеді, Каспий теңізінен Іле ойпатына дейін тұтас бір таралу аймағы болды. Солтүстік шекара 47-параллельдің бойымен өтті, қазіргі кезде таралу аймағының үлкен бөлігінде ол оңтүстікке қарай алыстап кетті. Жекелеген оқшау таралымдар: Іле ойпатында, Тауқұм, Мойынқұм, Қызылқұм және Үстірт-Манғышлақ таралымдары пайда болды.

Осы жылдар ішінде Қазақстанда қарақұйрықтың жалпы саны кемінде 200 мың дарақ болды, және де осы мөлшердің жартысына жуығы Арал-Каспий су айырығындағы шөл даланың үлесіне тиді. 60-70-жылдары Қазақстан аумағын шаруашылық мақсатта қауырт игеру, сондай-ақ осы кезеңде бірнеше аязды қалың қарлы қыстың болуы 70-жылдардың аяғына қарай республикада 10 мыңдай ғана қарақұйрықтың қалуына душар етті, түрге құрып кету қатері төнді, мұның өзі оны Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізуге түрткі болды.

Қарақұйрық саны мен мекендейтін жерлері барлық жерде бірдей қысқарып бара жатқан сирек кездесетін түр ретінде Халықаралық Табиғат Қорғау Одағы мен Қазақстанның Қызыл кітаптарына енгізілген.

#### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендейтін жерлері - кеуіп қалған су арналары кесіп өтетін, сексеуіл, жүзгін, теріскен жыңғылдары көмкерген бекіген құмтөбелер, қиыршық тасты және сазды шөл далалар немесе сексеуілді не тасбұйырғындық жайылымдары бар ашық қиыршық тасты кеңістіктер. Аласа құрғақ тауларда және жартастардың жазық жерлерінде кездеседі. Мекендейтін жерлеріне қойылатын негізгі талап - суаттардың болуы, қыста қардың қалың болмауы және жердің жақсы қорғаныштық қасиеттері. Қарақұйрықтың тіршілік ортасының жай-күйі әбден қанағаттанарлықтай дәрежеде. Соңғы он жылда үй жануарлары санының қысқаруына және жайылым жерлердің аз пайдаланылуына байланысты қазіргі кезде Қазақстанда қарақұйрықтың таралу аймағының өн бойында өсімдіктердің қалпына келуі және жайылымдардың жақсаруы байқалады.



**4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Жартылай отырықшылық күйде өмір сүреді, шектеулі, бірақ жүйелі түрде маусымдық қоныс аударып тұрады. Күйлеу кезінде (қараша-желтоқсан) еркек қарақұйрықтарға белгілі бір аумақты иелену тән. Ұрғашы қарақұйрықтардың бір бөлігі шағылысуға 6 - 7 айдан, қалғандары - 1,5 жастан, еркек қарақұйрықтар 2,5 жастан бастап қатыса алады. Төлдері сәуір-шілдеде туады, жаппай төлдеу мерзімі - мамыр айы. Қоректенетін өсімдіктердің түр құрамы мекендеу аймағына байланысты және жыл бойына өзгеріп отырады. Қарақұйрықтардың гельминтоздардан едәуір мөлшерде қырылып қалуы тіркелмеген, аурулар ішінде көп өлім-жітімге ұшырауына туляремия, ауысыл, қой шешегі, хайуанаттар паркінде - некробацилез себеп болуы мүмкін. Негізгі жауы - қасқыр, сондай-ақ шопан иттері, төліне - түлкі, шибөрі, шұбар және қамыс мысығы, ірі жыртқыш құстар қауіпті. Бәсекелестері - қойлар, киіктер, шөл кеміргіштері.

**5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Өзбекстан мен Түркменстан питомниктерінде ойдағыдай өсірілуде. Қазақстанда Алматы хайуанаттар паркінде бағылды. Бұл әдіс шаруашылық мақсатта пайдалану үшін мамандандырылған фермаларда өсіру үшін пайдаланылуы мүмкін.

**6) Қарақұйрық санының салыстырмалы динамикасы және оның таралымының жай-күйі**

30-жылдардың орта тұсында Қазақстанда 200 мыңдай қарақұйрық, Олардың 100 мыңы Үстіртте және Маңғышлақта мекендеді. Браконьерліктің етек алуы, жұттар, індеттер 70-жылдардың аяқ шетіне қарай республикада 10 мыңдай ғана қарақұйрықтың қалуына әкеп соқты. 90-жылдардың аяғында Қазақстанда 30-50 мың қарақұйрық, оның 20-25 мыңы Маңғыстау облысының аумағында мекендеді. Браконьерлер қарақұйрыққа елеулі қатер төндіреді. Бұл, сірә, осы заманғы таралу аймағының көп бөлігінде осы тұяқты жануар санының азайып кетуінің негізгі себебі болып табылады.

Түрді қорғау жөнінде жасалған іс-шаралар жүйесі өз нәтижесін берді. Қарақұйрықтарды заңсыз аулағаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді, бірқатар қорықтар мен қаумалдар түрдің мекендейтін жерлерін де, күзетілетін аумақтар шегіне келіп қалған оның топталымдарын да күзетке алды, олар: Барсакелмес, Үстірт қорықтары, "Алтын Емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Ақтау-Бозашы және Андасай қаумалдары. Қазақстанның аса ірі зоологиялық ғылыми-зерттеу орталығы - ҚР БҒМ Зоология институты түрдің экологиясы мен этологиясы және республикадағы оның жай-күйін анықтау жөнінде арнайы зерттеулер жүргізе бастады. Ірі көлемді есепке алу жұмыстары, соның ішінде авиациялық техниканы тарта отырып жүргізілген жұмыстар 80-жылдары Қазақстанда қарақұйрықтың таралу аймағының үлкен бөлігінде оның санының егжей-тегжейлі есебін алуға мүмкіндік берді. Түрдің бір кездегі тұтас таралу аймағының жекелеген оқшау учаскелерге бөлініп қалғаны, ыдыраңқы таралымдардың пайда болғаны (Іле, Тауқұм, Мойынқұм, Қызылқұм, Үстірт-Маңғышлақ таралымдары) анықталды. Республикада түрдің саны 90-жылдардың басында 30 мыңдай бас болды. Бозашы түбегі, Мойынқұм шөлі және Іле ойпатының оң жағалаудағы бөлігі негізгі топтасу орталықтарына айналды. Сан динамикасының өзінше бір үрдістері белгілі болды - топтасу орталықтарында қарақұйрық саны біртіндеп көбейіп келеді және шағын ыдыраңқы топталымдарда оның саны бірқалыпты сақталуда немесе азаюда, тіпті олар толық жойылып кетуде және басқа жаққа қуып әкетілуде.

Қазақстанда түрдің қазіргі жай-күйі түсініксіз: бір жағынан алғанда, экстенсивті мал шаруашылығы қарақұйрық таралымына кері әсер етіп, олар мекендейтін жерлер едәуір азайып кетсе, екінші жағынан алғанда, браконьерлік күрт көбейіп кетті.

1993-1994 жылдардың қаһарлы қысы мен 1994-1996 жылдардың қуаңшылық жазғы маусымдары қарақұйрық таралымдарына елеулі нұқсан келтірді. Мәселен, 1995 жылдың аяғында Мойынқұм таралымын іріктеп зерттеу 80-жылдардың орта тұсындағы 2-3 мың бастан 200-дей ғана қарақұйрықтың қалғанын көрсетті.

### **3.3. Арқарлар**

Осы заманғы жүйелі көзқарастар бойынша Қазақстан аумағында арқарлардың екі түрінің және алты түр тармағының өкілдері мекендейді. Барлық түр тармақтарының таралымдары барған сайын азып-тозу кезеңін бастан кешіруде және іс жүзінде Батыс, Орталық, Оңтүстік және Шығыс Қазақстан аймақтарында ыдыраңқы топталымдар болып табылады, олардың кейбіреулерінің саны бірнеше ондаған дарақтан аспайды. Арқарлардың барлық түр тармақтары Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген.

#### **3.3.1. Үстірт арқары**

##### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Үстірт арқары (*Ovis ammon arkal*) – Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастарының өкілі.

##### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Оның түр тармағы, саны және таралу аймағы шектеулі.

Қой тұқымдастар өкілдерінің ең "аласа тауды мекендейтін" түрі. Қазақстанда түр тармағының таралу аймағының ең үлкен – солтүстік бөлігі бар.

Үстірт арқарының таралу аймағының қазақстандық бөлігі тұтастай Маңғыстау облысының шегінде орналасқан. Қазіргі кезде ол мұнда іс жүзінде барлық табиғи мекендеу орындарында кездеседі, олардың ішінде негізгісі – Үстірттің Батыс қыраты. Қазіргі географиялық оқшаулану оның Солтүстік-Батыс Түркменстан, Қарақалпақстан және Қазақстан топталымдарының арасында қалыптасып отыр, бұл ретте Қазақстан аумағындағы Шағаласор ойпаты мен Қапалқыр қыратын мекендейтін арқарларды осы түр тармағының Солтүстік-Батыс Түркменстан таралымының құрамында қарау дұрысырақ болады.

##### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендейтін жерлері – сусыз ойпаттардың, тау жоталарының құлама жарлары, аласа таулар, жартастар. Мекендейтін жерлерді және олардың элементтерін пайдалану сипаты жыл маусымына, ауа райы жағдайларына, антропогендік әсердің барлық түрінің қарқындылығына және негізгі азықтық өсімдіктердің шығымдылығына байланысты өзгеріп отырады. Тіршілік ортасының жай-күйі қанағаттанарлық.

##### **4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Жартылай отырықшылық күйде өмір сүреді, шектеулі, бірақ жүйелі түрде маусымдық қоныс аударып тұрады. Суаттар саны шектеулі болатын жылдың ыстық мезгілінде белгілі бір аумаққа қоныстану тән. Табын құрау деңгейі қыста ең жоғары, жазда – ең төменгі шегіне жетіп, жыл бойы өзгеріп отырады. Барлық маусымдарда 2-5 бастан тұратын топтар басым болып келеді, 1985-1991 жылдары табындар мөлшерінің ауытқуы 1-70 бас болды. Жыныстық толысуға 2,5 жаста

жетеді, және де осы жастағы ұрғашы арқарлар шағылысуға түсе берсе, қошқар арқарлар - 4,5-5,5 жаста түседі. Қазан-желтоқсанда күйлейді, наурыз-мамырда төлдейді. Ұрғашы арқарлар 1-2 қозы туады. Бір қошқар арқарға орта есеппен 2,6 ұрғашы арқардан келеді. Орташа өмір ұзақтығы - 4, барынша ұзақтығы - 12 жыл. Туғаннан кейін бірінші жылы төлдің өлім-жітімге ұшырауы 70 пайызға жетуі мүмкін. Негізгі тосқауыл факторлар - браконьерлік, шаруашылық мақсатта игеру процесінде олар мекендейтін жерлерді жойып жіберу. Климаттық факторлар (қуаңшылық, жұт және т.б.) өсімін молайтуды немесе төлдің өсіп-жетілуін тек шектейді.

#### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

1978 жылы Ашхабад және Харьков хайуанаттар парктерінде, ал 1989-1990 жылдары Алматы хайуанаттар паркінде ойдағыдай көбейді. Үстірт қорығының аумағында осы тұяқты жануарды жартылай еркін жағдайда ұстау үшін қоршау жасап, бұл тәжірибені бұдан былай да пайдалану қажет.

#### **6) Үстірт арқары санының салыстырмалы динамикасы және оның таралымының жай-күйі**

20-ғасырдың 60-жылдарының бас кезінде есепке алынған 7-10 мың бас санының бастапқы деңгейі Үстірт пен Маңғышлақтың өнеркәсіптік мақсатта қауырт игерілуінің осы кезеңге тұспа-тұс келуіне байланысты 70-жылдардың аяғына қарай 2-3 есе қысқарды. Осыдан кейінгі жылдары бас санының біртіндеп өсу үрдісі байқалып, 1991 жылы 5,5-5,6 мың басқа жетті, жануарлардың 40 пайызы Үстірттің Батыс қыратында, ал 20 пайызы - Солтүстік Ақтауда мекендеді. Қазіргі кезде саны барлық жерде бірдей азайып барады. 2002 жылы ол 2500 бас болды.

#### **3.3.2. Алтай арқары**

##### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Алтай арқары (*Ovis ammon ammon*) - Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастарының өкілі.

##### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Жойылып кету қатері төнген саны аз түр тармағы.

Қазақстан фаунасындағы арқардың 5 түр тармағының бірі. Республика шегінде қосымша түрдің таралу аймағының болымсыз алыстағы батыс бөлігі орналасқан.

Өткен ғасырларда Батыс және Оңтүстік Алтай тауларында үйреншікті түр болған. XX ғасырдың басына қарай Батыс Алтайда жойылып кетті. 50-жылдарға дейін Нарым және Күршім жоталарының және Тарбағатай (Алтай) жотасының оңтүстік далалы беткейлерінде, Азутауда және Бұқтарма өзенінің жоғарғы сағасындағы биік таулы қыраттарда кездесіп қалатын. Қазіргі кезде Күршім жотасының оңтүстік сілемдерінде, Қалжын өзенінің орта ағысы атырабында және Бұқтарма өзенінің жоғарғы сағасы ауданындағы биік таулы қыраттарда кездеседі.

##### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендейтін жерлері - әдетте теңіз деңгейінен 800 метрден 3000 метрге дейін биіктікте, таулы дала учаскелерінде де, биік таулы тундрада да кездеседі. Қарсыз кезеңде биік таудағы альпі шалғындарында жайылады, қыста - қары аз далалы, көбінесе оңтүстік беткейлерде болады. Жартастарды қалқалайды. Мекендеу ортасының жай-күйі қанағаттанарлық. Үй жануарлары санының қысқаруы олардың бәсекелестігін едәуір төмендетіп жіберді.

**4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Алтайдың қазақстандық бөлігінде арқарлар болымсыз маусымдық қоныс аударып тұрады. Бұлтты ауа райында күндіз де қоректенгенімен, негізінен таңертеңгілік және кешкілік мезгілдерде ширақтық танытады. Қазан-қарашада күйлейді. 5 жасқа толған еркек арқарлардың өз үйірлері (4-9 ұрғашы арқарлар) болады. Сәуір-мамырда төлдейді. Әдетте бір қозы туады, 2 қозыны (кәрі ұрғашы арқарлар) сирек туады. Төлін келесі күйлегенге дейін емізе береді. Жыныстық толысуға ұрғашы арқарлар 1,5 жаста, еркек арқарлар өмірінің үшінші жылында жетеді. Оңтүстік Алтайда арқарлардың 5-8 жануардан тұратын топтары жиі кездеседі. Негізгі қорегін астық тұқымдастар, қияқтар, шөп қалдықтары құрайды. Қыста бұтақша азықтарды жиі пайдаланады. Бәсекелестері - үй малы. Жаулары - ірі жыртқыштар, шопан төбеттері мен қаңғыбас иттер, адам.

#### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Қазақстанда өсірілмейді. 1989 жылдан бері бұл түр тармағы Ресей Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі Биология институтының тәжірибелік шаруашылығында бағылады, мұнда ол ойдағыдай көбеюде.

#### **6) Алтай арқары санының салыстырмалы динамикасы және оның таралымының жай-күйі**

Бұрынғы саны туралы мәліметтер жоқ. Қазіргі кезде олардың саны Оңтүстік Алтайда 50-60 дарақты құрайды.

#### **3.3.3. Қазақстан арқары**

##### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Қазақстан арқары (*Ovis ammon collium*) - Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастарының өкілі.

##### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Таралу аймағы жекелеген топтар мен шағын ошақтарды қамтиды. Қазақстан фаунасындағы арқардың 5 түр тармағының бірі. Қазақтың таулы өлкелері, солтүстік Балқаш өңірі, Қалба Алтайы, Тарбағатай, Маңырақ, Сауыр. 70-жылдары Ұлытауда жойылып кетті.

##### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендейтін жерлері - таулардың далалы, көбіне жазықтау учаскелері. 60-80-жылдары үй түліктерін қауырт жаю салдарынан мекендейтін жерлерінің алаңы едәуір қысқарып кетті. Қазіргі кезде олар мекендейтін жерлер алаңының кеңеюі байқалады, өйткені бірқатар аудандарда үй жануарларының, ең алдымен қойлардың саны едәуір қысқарып кетті.

##### **4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Аз-кем мөлшерде маусымдық қоныс аударады, ал қуаңшылық кезінде және қалың қарлы қыстарда алыс қашықтықтарға ауып барады. Әдетте таңертеңгілік және кешкілік уақытта ширақтық танытады, қыста көбіне күндіз де жайыла береді. Қазан-қарашада күйлейді, сәуір-мамырда төлдейді. 5 жасқа толған еркек арқарлардың өз үйірлері (2-17 ұрғашы арқарлар) болады. Әдетте бір қозы туады, 2 қозы тууы сирек кездеседі. Төлін келесі күйлегенге дейін емізе береді. Жыныстық толысуға еркек арқарлар 2,5 жаста, ұрғашы арқарлардың бір бөлігі 1,5 жаста жетеді. Негізгі қорегі - әртүрлі шөптер, бұталар мен кейбір ағаштардың жапырақтарын, өркендерін және жемістерін сирек жейді. Бәсекелестері - үй жануарлары. Негізгі жаулары - қасқыр мен адам.

##### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Қарағанды және Алматы хайуанаттар парктерінде ойдағыдай көбейді. Қазіргі кезде Алматы хайуанаттар паркінде бар.

##### **6) Қазақстан арқары санының салыстырмалы динамикасы және оның**

### **таралымының жай-күйі**

70-жылдардың бас кезінде Қазақтың таулы өлкелерінде 7 мың дарақ болды. 90-жылдардың басында қазақстан арқарының саны 11,8 мың дараққа дейін өсті. Олардың 9,7 мың дараққа дейінгі мөлшері Орталық Қазақстанда мекендеді. Қазіргі кезде осы тұяқты жануардың саны Тарбағатайда біршама өссе, Орталық Қазақстанда қазақстан арқарының саны 1991 жылғы 6,1 мың дарақтан 2002 жылы 3,1 мың дараққа дейін азайып кетті.

#### **3.3.4. Қызылқұм арқары**

##### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Қызылқұм арқары (*Ovis ammon severtzovi*) – Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастарының өкілі.

##### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Қазақстанда сирек кездеседі, Өзбекстанда кемінде 1,1 – 1,2 мың қызылқұм арқары мекендейді.

Қазақстан фаунасындағы арқардың 5 түр тармағының бірі.

Бұрын Амудария мен Сырдария өзендерінің аралығын мекендеген. Қазіргі кезде бұл арқар Өзбекстан аумағындағы Нұратау жотасында және Орталық Қызылқұмда Ақтау тау сілемінде ғана сақталған. XVIII ғасырда Қазақстанда қызылқұм арқары Сырдария мен Қуандария өзендерінің сағалары аралығында мекендеген, қазір осы арқардың Нұратау және Ақтау тауларынан Қазақстан аумағына келуінің жекелеген оқиғалары байқалады.

##### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Қызылқұм арқары – үйреншікті тау жануары, тауларда мекендейді. Нұратауда ең жоғары абсолютті биіктік теңіз деңгейінен 2169 метр, ал Қызылқұм сілемдерінде – 992 метр. Осы аудандарда қазіргі кезде таулардың орта және жоғарғы бөліктерінде кездеседі. Тіршілік ортасының жай-күйі қанағаттанарлық.

##### **4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Нұратау тауларында күйлеу қазанның аяқ шенінен желтоқсанның басына дейін созылады. Қозылар сәуірде және мамырдың бас кезінде туады. Буаз болу мерзімі 5 ай. 1-2 қозы туады. Жыныстық толысу өмірінің 2-ші жылында басталады. Негізгі тосқауыл факторлар – үй малының оларды барлық жерде бірдей тау жайылымдарынан ығыстырып шығаруы және браконьерлердің тікелей қырып-жоюы.

##### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Қазақстанда өспейді.

Өзбекстанда Нұратау мемлекеттік қорығының қоршауында бағылады.

##### **6) Қызылқұм арқары санының салыстырмалы динамикасы және оның таралымының жай-күйі**

20-ғасырдың орта тұсына қарай Қазақстанда қызылқұм арқары жойылып кетті. Соңғы жылдары осы тұяқты жануарды Өзбекстанмен шекаралас аудандарындағы Қазақстан аумағында тұрақты түрде кездестіру байқалуда.

#### **3.3.5. Тянь-Шань арқары**

##### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Тянь-шань арқары (*Ovis ammon karrelini*) – Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастарының өкілі.

##### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Таралу аймағы тез тарылып, саны тез қысқарып барады.

Қазақстан фаунасындағы арқардың 5 түр тармағының бірі.

Тянь-Шаньда, Шу-Іле тауларында, Жоңғар Алатауында таралған. 60 және 70-жылдары Ұғам және Піскен жоталарында, Жоңғар Алатауының орта бөлігінде, Қапшағайда және Малайсары жотасында жойылып кетті; басқа аудандардың көпшілігінде оның таралу аймағы тарыла түсті.

### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендейтін жерлері - теңіз деңгейінен 200 метрден 4000 метрге дейінгі алаптарда таудың жатық келген жазық учаскелері. Қыста жемшөп қоры жеткілікті қары аз тау беткейлерін жөн көреді, жазда орман шекарасынан жоғары қарай жиі көтеріледі. Мекендейтін жерлері малды, ең алдымен қойды шектен тыс жау салдарынан тарылып барады.

### **4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Жемшөптің жай-күйіне және жетімділігіне байланысты тік бағытта маусымдық қоныс аударып тұрады. Әдетте таңертеңгілік және кешкілік уақытта ширақтық танытады, қыста күндіз де жиі жайыла береді. Қазан-қарашада күйлейді, сәуір-мамырда төлдейді. Әдетте бір қозы туады, ұрғашы арқарлардың 1,9 пайызынан 33,3 пайызына дейін әр жылдары егіз табады. Жыныстық толысуға ұрғашы арқарлар 1,5 жаста, еркек арқарлар 2,5 жаста жетеді. Өртүрлі шөптермен қоректенеді, бұталардың жапырақтары мен өркендерін сирек жейді. Бәсекелестері - үй қойлары. Жаулары - қасқыр мен адам.

### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Алматы және Мәскеу хайуанаттар парктерінде ойдағыдай көбейтілді.

### **6) Тянь-Шань арқары санының салыстырмалы динамикасы және оның таралымының жай-күйі**

70-жылдардың бас кезінде Тянь-Шаньда 635 жануар, Шу-Іле тауларында - 280, Жоңғар Алатауының шығыс бөлігінде 1000 шаршы шақырым алқапта - 600 дарақ мекендеді. Ақсу-Жабағылы қорығында (Талас Алатауы) 60-70-жылдары 200-300 арқар болды. Қаратаудың оңтүстік-шығыс бөлігінде Боралдайда 70-жылдардың аяқ шені мен 80-жылдардың бас кезінде 250-280 дарақ мекендеген. Теріскей Алатауда 1971 жылы 300-дей арқар есепке алынған. Іле жазығында, Үлкен және Кіші Қалқандарда 70-жылдардың бас кезінде 80-100 арқар мекендеді. Авиациямен есепке алу материалдары бойынша 80-жылдары Шу-Іле тауларында 150-дей арқар болды. Теріскей Алатауының қазақстандық бөлігінде 1992 жылдың қазан айында 60 шаршы шақырым алқапта 49 арқар есепке алынған. Іле Алатауының шығыс бөлігінде Түрген, Аса, Жіңішке өзендерінің атырабында, Сарытау және Боқайдынтау тауларында 120 жануар, Кіші Бөгеті тауларында - 40, Үлкен Бөгетіде - 25 арқар есепке алынды. 11 арқардан тұратын үйір 1993 жылғы наурызда Торайғырда кездесті. Жоңғар Алатауының оңтүстік бөлігінде Көксу, Үсек өзендерінің атыраптарында да олар үйреншікті жануар. Саны барлық жерде бірдей қысқарып барады.

### **3.3.6. Қаратау арқары**

#### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Қаратау арқары (*Ovis ammon nigrimontana*) - Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастарының өкілі.

#### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Өте сирек кездесетін түр тармағы, Қазақстан эндемигі, оның саны тез қысқарып барады. Жойылып кетуге жақын.

Қазақстан фаунасындағы арқардың 5 түр тармағының бірі.

Сырдария Қаратауы. Бұрын оның бүкіл өн бойында таралған; қазіргі кезде ойпатты және жазықтау бөлігінде енді кездеспейді және тау жотасының

солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бөліктеріндегі арқарлар таралымдары арасындағы байланыс бұзылған. Қаратаудың оңтүстік-шығыс бөлігіне және осында оған қапсарлас Боралдай тауларына 50-жылдары Тянь-шань түр тармағына жататын арқарлар Талас Алатауынан жүйелі түрде қоныс аударып тұратын, осы екі нысан бірігіп кеткен сияқты. Қоныс аудару кейбір жылдары кейін де байқалып отырды және қазір қаратау арқарының Қаратаудың солтүстік-батыс бөлігінде - ең биік таулы Мыңжылқы алқабында және одан солтүстік-батысқа қарай орналасқан аудандарда ғана таралғаны жайында айтуға болады.

### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендейтін жерлері - таудың жатық келген жазық учаскелері. Осы жерлерден арқарларды үй жануарлары барған сайын ығыстырып шығаруда, сондықтан көбінесе бұталар басып кеткен қатты жырымдалған жартасты сайларда мекендейді. Қардың аз болуы арқасында қыста мекендеу жағдайлары жайлы. Ауыл шаруашылық малдарының қысқаруына байланысты тіршілік ортасының жай-күйі едәуір нашарлап кетті.

**4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Отырықшылық жағдайда өмір сүреді, қоныс аудармайды. Таңертеңгілік және кешкілік уақытта ширақтық танытады, қыста күндіз де жиі жайылады. Қазан-қарашада күйлейді, наурыздың аяғында - мамырда төлдейді. Әдетте 1-2 қозы туады. Өртүрлі шөптермен қоректенеді, бұталардың жапырақтары мен өркендерін сирек жейді, күздік дақылдар егісінде жайылып жүрген жануарлар кездескен. Бәсекелестері - үй қойлары. Жаулары - қасқыр мен адам. Негізгі тосқауыл факторлар - браконьерлік, қасқырлар, үй малдарының ығыстыруы.

### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Қазіргі кезде қолда ұсталмайды. Түр тармағын сақтап қалу мақсатында Алматы хайуанаттар паркінің арқардың басқа түр тармақтарын бағып-ұстау жөніндегі жұмыс тәжірибесін пайдаланып, осы сирек арқардың қоршауда ұсталуын шұғыл қамтамасыз ету қажет.

**6) Қаратау арқары санының салыстырмалы динамикасы және оның таралымының жай-күйі**

20-ғасырдың 40-жылдарына дейін қаратау арқары Қаратауда үйреншікті жануар болатын, одан кейін жотаның шаруашылық мақсатта игерілуіне қарай оның саны азая берді. Жотаның солтүстік-батыс бөлігінде 1976 жылы 17,7 мың гектар жерде 27 дарақ есепке алынды (1000 гектарға 1,5), 1979 жылы - 5 мың гектарға 10 (1000 гектарға 2), 1981-1982 жылдары - 100 мың гектарға 60-70 (1000 гектарға 0,6-0,7) дарақ есепке алынды. 1990 жылдың бас кезінде Мыңжылқы тауының солтүстік-батысына қарай 100 шаршы шақырым жерде 11 дарақ (1000 гектарға 1,1) есепке алынса, 1993 жылғы наурызда мұнда осы алаңда небәрі 7 жануар (1000 гектарға 0,7) есепке алынды. Егер таралымның саны 1976 жылы мөлшермен 150 дарақ деп бағаланса, қазір ол 100-ден аса қоймас.

## **3.4. Құлан**

### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Құлан (*Eguus hemionus onager*) - Сүт қоректілер класы, Айтұяқтылар отряды, Жылқы тұқымдастар екілі.

### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

Саны мен таралу аймағы республикада тым шектеулі сирек кездесетін түр. Халықаралық табиғат қорғау одағы (ХТҚО) мен Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Жылқы тектес 9 түрдің бірі және қазіргі кезде Қазақстанда мекендейтін бірден-бір түр.

Тарихи өткен заманда қазіргі Қазақстанның аумағында құлан жануарлардың саны көп түрлерінің бірі болды және шөл және жартылай шөлейт аймақтың кең-байтақ аудандарын мекендеді. XIX ғасырдың өзінде-ақ құлан осы заманғы Қазақстанның бүкіл оңтүстік бөлігін - батыста Жайық өзенінен бастап шығыста Ертіс өзеніне дейін мекендеген. Құландардың көп мөлшері 1879-1880 жылдардың қысқы кезеңіндегі, әсіресе 1891-1892 жылдардағы қатты жұттар кезінде қырылып қалды. Осы қаһарлы қыстардан кейін құландар кең-байтақ аумақтарда жойылып кетті. Тірі қалған жануарларды аңшылар жаппай қырумен болды. XX ғасырдың бас кезіне қарай Қазақстанның көп бөлігінде құлан енді кездеспейтін болды және XX ғасырдың 30-жылдарының аяқ шенінде соңғы жануарлар құртылды.

Бұрын республика аумағында қазақстан құланы немесе құрып кеткен жигетай - *E.h.finschi* мекендеген. Түркмен құландары 1953 жылы Арал теңізіндегі Барсакелмес аралына әкелініп, осында көбейді. 1982 жылдан бастап оларды құрлықта да: 1982 - 1984 жылдары Алматы облысының Қапшағай МАҚШ (қазір - "Алтын Емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі) (Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс сілемдері); 1986 - 1990 жылдары - Жамбыл облысының Андасай қаумалында (оңтүстік-батыс Бетпақдала); 1991 жылы - Маңғыстау облысының Бозашы қаумалында (Солтүстік Ақтаудың теңіз жағалауындағы учаскесі) жерсіндіру жұмыстары басталды.

### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Мекендейтін жерлері - шөл және шөлейтті жерлердің жазықты, төбелі және қиыршық тасты өңірлері, аласа таулар мен тау бөктерлерін де жайлай береді. Құланның қазіргі тіршілік ортасы толық қанағаттанарлық дәрежеде. Соңғы он жылда үй жануарлары санының қысқарып, жайылымның аз пайдаланылуына байланысты Қазақстанда құланның таралу аймағының бүкіл өн бойында жайылымдардың қалпына келуі және жақсаруы байқалады.

### **4) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Жерсінген жерлерінде шығарылым орындарынан 30-50 шақырымға, 100 және одан да қашық шақырымға дейін шамалы орын ауыстырып, жартылай отырықшы тіршілік күйін кешеді. Маусым-шілдеде күйлейді, мамыр-маусымның аяғында құлындайды. Бір құлын туады, екі құлын тууы - сирек. Үйір-үйір болып жүретін жануар. Ұрғашы құландар тобын бір үйір айғыры басқарады, іс жүзінде барлық биелерді сол қашырады. 3 жастан асқан ересек еркек құландар мұндай топтардан қуылады. Буаз болу ұзақтығы 11 - 11,5 ай. Табиғи жаулары - қасқыр, ірі жыртқыш құстар, және де ауру, әлсіз, арық-тұрық жануарлар мен төл ғана жыртқыштар құрбаны болады.

### **5) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Құландар қолда: хайуанаттар парктерінде, ғылыми стационарларда (өртүрлі тәжірибелер жасау кезінде) ойдағыдай бағылады және көбейеді. Тұяқты жануарлардың кейбір түрлері үшін жасалған, шаруашылық мақсатта пайдалану немесе кейіннен табиғатқа шығару мақсатында арнайы аңшылық фермаларда (ранчо) өсіру технологиясы құландарға байланысты Барсакелмес аралында ойдағыдай қолданылды. Іс жүзінде бұл әдіс түрдің саны мүлдем азайып кеткен жағдайда оны қалпына келтіру мақсатында пайдаланылуы мүмкін (тиісті дәрежеде пысықтап алғаннан кейін).

### **6) Түрікмен құланы санының салыстырмалы динамикасы және оның таралымының жай-күйі**

Климаттың жалпы жылдам қуаңшылық сипат алуы, жұттар, ізіне адамның түсуі және жеткілікті суаттары бар жайылымдардан үй малының сусыз және



корегі аз жерлерге ығыстыруы салдарынан бір кезде саны көп болған түркмен құланы өткен ғасырдың бас кезінде республика аумағында құрып кетті. 1953 - 1964 жылдары Түркмен ССР-інің Бадхыз қорығынан Арал теңізіндегі Барсакелмес аралына топ-тобымен 19 құлан әкелінді. 1982 жылы олар 212 басқа жетіп, осы кезден оларды одан әрі жерсіндіру үшін құрылыққа тасу басталды. Қапшағай МАҚШ-ына 1982 жылдан 1984 жылға дейін 32 бас жіберілді, ал 1994 жылы осында енді 297 құлан мекендеді. Аңдасай қаумалында 1986 - 1990 жылдары жалпы саны 105 бас құландардың 3 тобы жіберілді, 1993 жылы олардың саны кемінде 200 басқа жетті. Ақтау-Бозашы қаумалында 1991 жылы 35 құлан жіберілді, 1994 жылы олар енді 50 бас болды. 1991 жылы құландардың аналық топталымы Барсакелмес аралында сыртқа әкету салдарынан 104 басқа дейін қысқарды. Арал теңізінің қаңсып қалуы салдарынан арал құрылықпен қосылып кеткеннен кейін құландар құрылыққа қоныс аударды, сөйтіп соңғы 2-3 жылда Барсакелмес қорығында бірде-бір құлан байқалған емес. Қазіргі кезде "Алтын Емел" ұлттық паркінде құландар саны көбейіп келеді - 438 дарақ (2000 жыл). Ақтау - Бозашы қаумалының 2000 - 2002 жылдардағы есептерінде құландар атап өтілмеген.

"Аңдасай" мемлекеттік қаумалында да осы тұяқты жануардың саны біршама азайып кетті, мәселен, егер 1999 жылы қаумал аумағында 197 құлан мекендеген болса, 2002 жылы 56 ғана құлан қалған.

### **3.5. Киік**

#### **1) Түрдің жануарлар дүниесі жүйесіндегі жағдайы**

Киік (*Saiga tatarica tatarica*) - Сүт қоректілер класы, Ашатұяқтылар отряды, Қуыс мүйізділер тұқымдастары, өте ертедегі Киік тегінің бірден-бір өкілі.

Киік - Евразия шөлейті мен жартылай шөлейтінің қоныс аударып отыратын үйірлі жануары, біздің фаунамыздың ежелгі өкілі, Қазақстан Республикасының бірегей және құнды игілігі болып табылады. Бұл аңшылық-кәсіптік жануар, оның етінің жоғары азықтық құндылығы бар, ал оның мүйізі көп жылдар бойы дәрілік шикізат ретінде Қытай, Сингапур және әлемнің басқа да елдерінде экспортталады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында жануарларды аулау жаппай сипат алды. Киіктерді жыл сайын дайындау - қырық жылғы кезеңнен астам уақытта көбінесе 100 мың бастан 150 мың басқа дейінді (жекелеген жылдарда 300-5010 мыңға дейін) құрады. Бұл ретте киік кәсіпшілігі мемлекетке жыл сайын орта есеппен 3 млн. АҚШ долларына дейін кіріс әкелді.

Қазақстан аумағында киіктің осы заманғы таралу аймағы мен ресурстарының негізгі бөлігі орналасқан. Өсімдіктердің негізгі тұтынушыларының бірі ретінде аридті аймақтардың экологиялық жүйесінде оның зор маңызы бар.

#### **2) Түрдің мәртебесі, оның таралу аймағы**

"Киікті сақтау және өсімін молайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 527 қаулысымен санының қысқарып кетуіне байланысты киік аулауға 2 жылға тыйым салынды, ал "Киікті сақтау және өсімін молайту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 980 қаулысымен бұл тыйым салушылық 2005 жылға дейін ұзартылды.

Қазақстанда киіктің қазіргі таралу аймағы негізінен 10 әкімшілік облыстың: Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және ішінара Ақмола мен Алматы облыстарының шөл және шөлейтті аймақтарын қамтиды. Түрдің таралу аймағына сондай-ақ Өзбекстанның (Қарақалпақстан), аздау мөлшерде (жекелеген жылдары) Түркменстан мен Ресейдің көршілес облыстары енеді.

### **3) Мекендеу ортасының жай-күйі**

Киіктің тіршілік ортасы әбден қанағаттанарлық дәрежеде. Соңғы он жылда үй жануарлары санының қысқарып, жайылымның аз пайдаланылуына байланысты Қазақстанда киіктің таралу аймағының бүкіл өн бойында жайылымдардың қалпына келуі және жақсаруы байқалады.

### **4) Таралу аймағы мен саны бойынша пайдаланылатын және пайдаланылмайтын таралымдарының ара-қатынасы**

Қазақстанда киіктің үш жеке: бетпақдала, үстірт, жайық таралымдары мекендейді. Таралымдардың үшеуі де бірнеше ондаған жылдар бойы: бетпақдала таралымы (таралу аймағы мен саны бойынша бұрынғы ең ірі) 1998 жылға дейін, үстірт және жайық таралымдары 1999 жылға дейін, яғни киіктерді аулауға тыйым салынғанға дейін пайдаланылып келді.

Киік саны тарихи тұрғыдан алғанда күрт өзгерістерге ұшырап тұрады. Мұның негізгі себептерін екі түрлі санатқа бөлуге болады, олар: табиғи санат - қардың қалың түсуі, көктайғақ және аурулар (пастереллез, аусыл), бұдан аздау мөлшерде - жыртқыштар (қасқырлар) және антропогендік сипаттағы санат - жасырын аң аулау (браконьерлік). Соңғы 10 жылда жануарлар саны тым көп азайып кетті. Мәселен, 1991 - 1994 жылдары Қазақстанда 976-810 мың киік болса, 2001 - 2003 жылдары олардың 102,0 - 21,2 мыңы ғана қалды. Кәсіпшілік көлемі 90-жылдары шағын болып, әдетте кәсіпшілік алдындағы санының 10 пайыздан аз мөлшерін (жол берілетін оңтайлы мөлшер 20 пайыз жағдайында) құрады. Киіктердің аурулардан жаппай қырылуы 90-шы жылдары байқалған жоқ.

### **5) Табиғи өсімі: көбею мерзімдері мен жағдайлары, өсімталдығы, жыныстарының ара-қатынасы, өсімін молайтудың тиімділігі, табиғи өлім-жітімі және оның себептері**

Киіктердің күйлеуі мен шағылысуы желтоқсан айында қыста мекендейтін жерлерде өтеді, көктемде солтүстік бағытқа қоныс аудару кезінде төлдейді. Төлдеу кезеңінде киіктер шағын алаңдарда ірі топтар - өзінше бір "перзентханалар" құрады. Жаңа туған киік төлдері арасында жыныстардың ара-қатынасы (еркектер - ұрғашылар) 1:1-ге жақын, таралымның құрылымы бұзылмаған жағдайда ересектер арасында 1:2 - 1:3. Пайдаланылатын таралымдарда ересек еркек киіктердің саны соңғы жылдары олардың құрылымының бұзылу деңгейіне байланысты 3-10% болды. Ересек ұрғашы киіктерде орта есеппен 1,8 төл, жас киіктерде (бір жастағы) - 1,0 төл болады; орта есеппен алғанда ұрғашы киікке 1,5 төлден келеді. Төл есебінен таралым күзге қарай орта есеппен бастапқы (көктемгі) санмен салыстырғанда 30% көбейеді. Табиғи өлім-жітімнің орташа көлемі ересек жануарлар үшін 16% және жас киіктер үшін 70 % болған жағдайда таралымның жылдық өсімі (жануарлардың жыл ішіндегі өсімталдығы арасындағы айырмашылық) 20 пайызды құрайды. Киіктердің табиғи өлім-жітімге ұшырауының негізгі себептері: қалың қар, көктайғақ, қуаңшылық; аурулар (пастереллез, аусыл); жыртқыштар (қасқырлар, ал төлдері үшін әрі қырандар мен түлкілер).

### **6) Түрді жасанды жолмен көбейту және оны қолдану қажеттігі**

Киіктер қолда: хайуанаттар парктерінде, ғылыми стационарларда (әртүрлі тәжірибелер жасау кезінде) ойдағыдай бағылады және көбейеді. Тұяқты жануарлардың кейбір түрлері үшін жасалған, шаруашылық мақсатта пайдалану немесе кейіннен табиғатқа шығару мақсатында арнайы аңшылық фермаларда (ранчо) өсіру технологиясы киіктерге қолданылған жоқ. Іс жүзінде бұл әдіс түрдің саны мүлдем азайып кеткен жағдайда оны қалпына келтіру мақсатында пайдаланылуы мүмкін (тиісті дәрежеде пысықтап алғаннан кейін).

Қазіргі кезде Қалмақстанда (Ресей Федерациясында) киіктерді қолда ұстау және көбейту жөнінде эксперимент жүргізілуде.

**7) Түр өнімін құру, толысу (биологиялық жағынан пісіп-жетілуге және тауарлық құндылыққа жету), түр биомассасы мен санының айналым мерзімдері**

Ұрғашы киіктерде жыныстық толысу 0,5 жастан, еркек киіктерде - 1,5 жастан басталады. Жануарлардың екі жынысының да өсуі 2,5 жасқа дейін жалғасады, еркек киіктердің мүйізі шамамен 2 жасқа дейін өседі. Кәсіпшілік тұрғыдан пайдаланылатын таралымның бір бөлігі, белгі салу нәтижелері көрсетіп отырғанындай, іс жүзінде 4 жылда толық жаңарып болады.

**8) Таралымдардың жас құрылымы; қоректену сипаты және қондылығының өзгеруі**

Киік таралымдарында күзде 35-45% төл (екі жыныстың) және 50-65% ересек жануарлар болады.

Киіктердің негізгі қорегі - шөп өсімдіктері; жартылай бұталар мен бұталардың өркендерін сирек жейді. Жануарлардың барынша қонды болу кезеңі - қарашада - желтоқсанның бас кезі (күйлеу басталғанға дейін); ересек киіктермен салыстырғанда төлдің қондылығы төмендеу болады.

**9) Түрдің экологиялық жүйедегі маңызы және оның ішінара алынуының экологиялық жүйенің жай-күйіне ықтимал ықпалы**

Киіктер басқа жабайы және үй шөп қоректі жануарларымен бірге аридті аймақтардың экожүйесінде өсімдіктердің негізгі тұтынушылары болып табылады және, егер бұл тұтыну жол берілетін өлшемнен асып кетпесе, оның шығымдылығының артуына жәрдемдеседі. Ұзақ жылғы тәжірибе көрсетіп бергеніндей, киіктердің бір бөлігін алу биологиялық тұрғыдан жол берілетін мөлшерде жүргізілсе, ол түрдің табиғи жолмен өсімін молайтуға нұқсан келтірмейді.

Осы түрдің Қазақстандағы оңтайлы саны 700-900 мың басты құрайды және киік таралымдарын күзету мен оларды қалпына келтіруді ұйымдастыруда санның осы деңгейі бағыт-бағдар болуға тиіс.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Мақсат: Жаппай браконьерлікке жол бермейтін және Қазақстанның тұяқты жабайы жануарларының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктері таралымдарының санын тұрақтандыруға және қалпына келтіруге негіз болатын нормативтік-құқықтық және ұйымдық-шаруашылық шараларының негізінде оларды сақтау және қорғау.

Негізгі міндеттер:

- 1) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді жаппай браконьерлікке жол бермеуді қамтамасыз ететіндей деңгейге дейін күзетуді ұйымдастыру;
- 2) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау жөніндегі заң шығару шараларын күшейту;
- 3) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің санын жыл сайын шынайы, тиімді түрде есепке алып отыруды ұйымдастыру;
- 4) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралымдарына және олардың мекендеу ортасына экологиялық бақылау (мониторинг) жүйесін ұйымдастыру;
- 5) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің гендік қорын сақтаудың биотехнологиялық негіздерін әзірлеу жөнінде ғылыми зерттеулер өткізу олардың санын айқындау.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

### **5.1. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер санын тұрақтандыру жөніндегі шаралар**

Қазақстанның тұтас бір аймақтарының кең байтақ кеңістігінде тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерге жаппай қасақылық жасау табиғат-шаруашылық кешенінің құрамдас бөлігі ретінде осы бағалы жануарларды сақтаудың тиімді, кешенді шараларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің деңгейінде қолданылмауының салдары болып табылады.

Салалық бағдарламаны іске асырудың мерзімдері басты мақсаттың күрделілігі мен көлемділігіне, атап айтқанда тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралымдарын экологиялық және биологиялық оңтайлы деңгейге дейін қалпына келтірумен байланысты болып отыр.

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің санын тұрақтандыру мына іс-шараларды орындау есебінен жүзеге асырылатын болады:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау мен басқарудың мемлекеттік жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- 2) тұяқты жануарлардың сирек кездесетін түрлері мен түр тармақтарының және киіктің таралу аймағының негізгі бөлігінің қамтылуын ескере отырып, жаңа ЕҚТА-лар ұйымдастыру және қазіргілерін қайта ұйымдастыру;
- 3) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер таралымдарының жай-күйіне тұрақты жедел баға беріп отыру;
- 4) жерден және авиациямен есепке алудың түзетулер енгізілген әдістемелерін пайдаланып, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің уақтылы көктемгі-күзгі есебін жүргізіп отыру;
- 5) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер таралымдарының жас-жыныс құрамын сипаттайтын бастапқы деректерге жыл сайын баға беріп отыру, сондай-ақ таралымдардағы көбеюдің табысты болуын немесе оның жайсыз факторларын айқындайтын жәйттерді анықтау;
- 6) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер таралымдарының жай-күйіне жыртқыштардың (қасқыр) әсер етуін бағалау және қасқырлар санын реттеп отыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- 7) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер таралымдарын қорғау және қалпына келтіру жөніндегі бағдарламалар мен іс-шараларды көрсету үшін және туындайтын проблемаларды, соның ішінде қасақылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту қажеттілігіне байланысты проблемаларды түсіндіру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын (республикалық және жергілікті деңгейлерде) тарту.

Жоғарыда аталған іс-шараларды орындау және тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің

таралымдардағы саны өсімінің шынайы тіркелген деректері олардың таралымдарының қалпына келуге бет бұрғанына айғақ болады.

#### **5.1.1. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін күзетуді ұйымдастыру**

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралымдарын және олар мекендейтін жерлерді сақтау үшін жануарлардың сирек кездесетін түрлерін қорғауды қолданыстағы заңнамамен сәйкестендіру қажет.

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралымдарын қорғау міндеттері сан қырлы және абиотикалық, биотикалық және антропогендік факторлардың теріс ықпалын болдырмау немесе азайту жөніндегі шаралар кешенін қамтиды. Алайда сирек кездесетін тұяқты жануарлар мен киіктерге жойылып кету қатері төніп отырған қазіргі кезде шұғыл бірінші кезектегі шаралар ретінде қасақылықтың әсерін таралымдардың табиғи өсімін (қалпына келуін) қамтамасыз ететін деңгейге дейін азайту, ал содан соң оны әлеуметтік фактор ретінде қажет, мұның өзі түптеп келгенде тұяқты жануарлар санының оңтайлы мөлшерге дейін тұрақты түрде өсуін қамтамасыз ететін болады.

#### **5.2. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді және олар мекендейтін жерлерді сақтауға арналған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар**

Айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың желісін құру эндемикалық, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерді, бірегей және эталондық учаскелерді, жалпы алғанда табиғи экологиялық жүйелерді сақтаудың әлемдік қауымдастық таныған барынша тиімді шарасы болып табылады.

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді қорғау жөнінде жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін қабылдау және қазіргі осындай аумақтардың көлемін кеңейту үшін мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен тиісті табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді алдын ала әзірлеп алу қажет.

Алайда жаңа ЕҚТА-лар құру және қазіргі осындай аумақтардың көлемін кеңейту - ұзақ процесс.

Осы проблемаларды 2005 жылдан 2007 жылға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулыларын қабылдау деңгейінде шешу сирек кездесетін тұяқты жануарлардың мекендеу ортасын қорғаудың принципті түрде жана, неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және олардың санын тұрақтандыруға негіз болады.

#### **5.2.1. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін және олар мекендейтін жерлерді қорғау бойынша**

Қазіргі кезде қорықтар мен ұлттық табиғи парктердің аумағында сирек кездесетін тұяқты жануарлардың 9 түрінен тянь-шань арқары, қазақстан арқары, үстірт арқары, қарақұйрық, тоғай кермаралы, түрікмен құланы кездеседі. Алайда ЕҚТА-лар аумағы негізінен барлық биотоптарды (төлдеу, қыстау, жазда жайылып жүру орындары) қамтымайтын және жануарлар түрлері көпшілігінің ЕҚТА-ларға баруы уақытша сипатта болғандықтан, қорықтар мен ұлттық парктердің өзі бағалы жануарларды сақтауды қамтамасыз ете алмайды.

Тұяқты жануарлардың сирек кездесетін үш түрі (қызылқұм арқары, алтай арқары, қаратау арқары) қазіргі ерекше қорғалатын аумақтарда мүлдем кездеспейді. Дегенмен осы немесе басқа түрін жоғалтып алмау үшін тікелей жануардың өзін ғана емес, оның мекендеу ортасын да қорғау қажет. Осыған байланысты сирек кездесетін тұяқты жануарлар мекендейтін таралу аймағының негізгі бөлігін ЕҚТА-лар құрамына енгізе отырып, қазіргі ЕҚТА-лардың алқабын кеңейту туралы және жаңа ЕҚТА-лар құру туралы мәселе бой көтеріп отыр, атап айтқанда:

1) Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығының құрамына Тянь-шань арқарының мекендеуіне жарамды қосымша аумақтарды енгізе отырып, оның алқабын кеңейту;

2) үстірт арқарының таралу аймағын енгізу есебінен Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының алқабын кеңейту;

3) Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының құрамына алтай арқарының таралу аймағының Күршім жоталарының оңтүстік сілемдерін енгізу есебінен оның алқабын кеңейту;

4) құланның мекендеуіне жарамды қосымша аумақтарды енгізу есебінен Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығының алқабын кеңейту;

5) қазақстан арқарының мекендеуіне жарамды қосымша аумақтарды енгізу есебінен Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің алқабын кеңейту;

6) қазақстан арқарының мекендеуіне жарамды қосымша аумақтарды енгізу есебінен Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің алқабын кеңейту;

7) киіктерді, құландарды және қарақұйрықтарды сақтау үшін республикалық маңызы бар Аңдысай мемлекеттік қаумалының аумағына Жамбылтауды енгізіп, оның алқабын кеңейту қажет.

#### **5.2.2. Киіктерді және олар мекендейтін жерлерді күзету жөнінде**

Тіпті ыдыраңқы топтардың шоғырлану аудандарында болсын, осы заманғы жағдайларда ЕҚТА құру проблемасын салалық бағдарламаны іске асырудың бірінші жылында шешу қажет. Тұрақты (кордондар) күзет қызметімен қамтамасыз етілген ЕҚТА ұйымдастырған жөн болады. Сонымен қатар күзетілетін аумақтар киіктердің төлдейтін, қыстайтын орындарындағы және негізгі жылыстау жолдарындағы жерлердің барынша көп мөлшерін қамтуы тиістігін ескере отырып, оның таралу аймағы шегінде әрбір таралым үшін мәртебесі және қорғау режимі әртүрлі ерекше қорғалатын аумақтар желісі құрылуы тиіс.

Киіктердің төлдеу және қоректендіру кезеңі ерекше осал мезгіл болып табылады, сондықтан жаппай лақтау орындарын жыл сайын күшейтілген күзет режимі бар (вахталық әдіспен) қорық аймақтары деп жариялау керек. Бұл орындар тұрақты емес, бірақ олар неғұрлым жиі былай орналасқан:

бетпақдала таралымы - Бетпақдаланың Қаражал мен Жезқазған қалаларының аралығындағы солтүстік бөлігінде, Сарысу өзенінің бойында, Жыланшық пен Торғай өзендерінің аралығында;

үстірт таралымы - Тассай, Оймауыт, Доңызтау, Сам, Қосбұлақсор, Желтау, Шағырай, Тереңқұдық жерлерінде, Ембі өзенінің бойында;

жайық таралымы - Хәкімөр көлінің, Азғыр, Сүйіндік, Балқұдық кенттерінің, Қамыссамар көлінің, Тас кентінің маңында, Индер мен Қисыққамыс кенттерінің арасында.

Бұл орындарда 1 мамырдан бастап 15 маусымға дейінгі мерзімде мал жаю, шөп шабу, автокөлік қозғалысы сияқты шаруашылық қызметінің шектелуі, қаңғыбас иттерді, мүмкіндігінше қасқырларды аулау жүргізілуі тиіс. Негізгі

қыстау аудандарында, негізгі жылыстау жолдарында және киіктердің кез-келген жаппай шоғырлану орындарында - өзендер, темір жолдар маңында және басқа жерлерде күзету дәл осындай үлгі бойынша ұйымдастырылуға тиіс.

Сондай-ақ киіктерді сақтау үшін республикалық маңызы бар:

- 1) Батыс Қазақстан облысында - Жалтыркөл;
- 2) Ақтөбе облысында - Ырғыз-Торғай;
- 3) Қызылорда облысында - Бетпақдала мемлекеттік қорық аймақтарын құру қажет.

### **5.3. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді есепке алу және олардың таралымдарының мониторингі**

Жануарлар таралымдарының жай-күйін бағалау және тиімді басқару үшін олардың негізгі өлшемдері бойынша, сондай-ақ мониторинг негізінде мекендеу ортасы бойынша сенімді ақпарат қажет.

Мониторинг мынадай іс-шараларды қамтиды:

1. Ғылыми-негізделген әдістемелер бойынша авиация немесе автокөлікті қолдана отырып, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің санына есеп жүргізу.
2. Жануарлардың өсімін молайтуы барысына және физиологиялық жай-күйіне бақылау жасау. Іс-шара өзекті өлшемдерді - өсімталдығын, өлім-жітімін, өсімін айқындауды қамтиды. Лақтардың ойдағыдай өсіп-ширауы және өсім көлемі табындардағы төлдерді (100 ұрғашыға шаққанда жас дарақтардың саны) есепке алу жолымен жаздың аяғында - күздің басында айқындалады.
3. Таралым құрылымын айқындау. Жануарлардың жынысы мен жасын айқындау жекелеген табындарда есеп жүргізу кезінде (мүмкіндігінше), сондай-ақ бір мезгілде өсімнің көлемін айқындай отырып, жаздың аяғында - күздің басында көзбен санау жолымен жүргізіледі.
4. Мекендеу ортасының жай-күйін бақылау. Іс-шара қар қалыңдығының жай-күйі, жауын-шашын, өсімдіктер, сирек кездесетін тұяқты жануарлардың үй жануарларымен байланысы кезіндегі эпизоотологиялық қауіптің деңгейі туралы, яғни тұяқты жануарлардың таралымын шектейтін табиғи орта факторлары туралы ақпаратты жыл сайын жинап, өңдеп отыруды қамтиды.

Таралымның ұдайы азып-тозуы және сирек кездесетін тұяқты жануарлар санының күрт азаюы жағдайларында ресурстарды игерудің жаңа нысаны - сирек кездесетін тұяқты жануарларды кейіннен табиғи ортаға жібере отырып, оларды арнайы фермаларда (ранчоларда) қолда өсіру назар аударуға лайық.

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін және киіктерді арнайы фермаларда (ранчоларда) өсіру дүние жүзінің көптеген елдерінде ойдағыдай қолданылады және сирек кездесетін тұяқты жануарлардың (бұғы, қарақұйрық, құлан, үстірт арқары) көпшілігі олардың қолға үйрену қабілетін, сондай-ақ өнімнің жоғары коммерциялық құнын ескерсек, осы тұрғыдан алғанда перспективалы түрлер болып табылады. Мұндай фермаларда жануарлардың резервтік басын құрып, оларды табиғатқа шығару таралымды қалпына келтіру шарасы ретінде де пайдаланылуы мүмкін. Топталым мониторингін жүзеге асыру үшін арнайы бағдарламаны әзірлеу қажет. Сирек кездесетін тұяқты жануарларды өсіру технологиясын, сондай-ақ осы іс-шараны жүзеге асыру үшін тиісті нормативтік-құқықтық база жасау қажет.

### **5.4. Халықаралық ынтымақтастық**

Қазақстанның 2000 жылы СИТЕС Конвенциясына қосылғанынан кейін біздің мемлекетте Конвенцияға басқа қатысушылармен бірге жануарлардың сирек кездесетін және жойылатын түрлерінің, оның ішінде тұяқтылар мен киіктердің өнімімен сауданы реттеу және бақылау мүмкіндігі туды. Бірінші кезектегі шаралардың ішінде елден тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылатын түрлері мен киіктерді заңсыз өндірілген бөліктері мен дериваттарын контрабандалық әкетудің арналарын жабу мақсатымен кедендік және шекаралық бақылау күшейтілуі тиіс.

Сонымен бірге, таралу аймағы көршілес мемлекеттердің аумағына республика шегінен шығатын тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылатын түрлерін бірлесе қорғауды ұйымдастыру мемлекетаралық деңгейде шешуді талап ететін проблема болып табылады. Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілген тұяқтылардың 9 түрлері мен кіші түрлерінен Қазақстанның эндемиктері болып арқардың қаратау және қазақстандық кіші түрлері табылады. Тянь-Шань арқарының таралу аймағы Қырғызстан мен Қытайдың аумағына шығады; қызылқұм арқарының негізгі таралу аймағы Өзбекстанда орналасқан; алтай арқары Ресейдің, Монғолияның және Қытайдың аумағын мекендейді; үстірт арқарының таралу аймағы Түркіменстанға таралады; қарақұйрық қазақстан аумағынан Түркіменстан мен Өзбекстанға ауысады; тоғай кермаралының таралу аймағы Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Тәжікстан аумағында орналасқан; түрікмен құланы Түркіменстан мен Өзбекстанның аумағына Қазақстаннан кіреді.

Қазақстанның киіктердің жайық (еділ-жайық) таралымын Ресей Федерациясымен және үстірт таралымын Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен бірлесіп қорғауды ұйымдастыру мемлекетаралық деңгейде шешуді талап ететін проблема болып табылады. Осы мәселе бойынша киіктердің таралу аймағының көршілес мемлекеттерімен үкіметаралық келісімдер жасасу қажет.

Сондай-ақ халықаралық табиғат қорғау ұйымдарының қатысуымен тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін және киіктер таралымдарын қорғаудың, қалпына келтірудің және тұрақты түрде дамытудың нормативтік-құқықтық және экономикалық базасын жақсарту жөніндегі жұмысты жандандыра түсу қажет.

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін және киіктер таралымдарын сақтау жөнінде біздің мемлекетіміз қолданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау жөніндегі Бонн Конвенциясын бекіту және жоғарыда көрсетілген барлық мемлекеттермен үкіметаралық келісімдер жасасу қажет.

## 6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жануарлар дүниесін қорғау экономикалық тұрғыдан негізделген нормативтер бойынша республикалық бюджеттің және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыруға байланысты болжамды қаржы шығындары үш жыл ішінде - 844551000,0 теңге болады,

соның ішінде:

1) республикалық бюджет:

2005 ж. - 175274000,0 теңге;

2006 ж. - 184038000,0 теңге;



2007 ж. - 193239000,0 теңге  
 2) жергілікті бюджет:  
 2006 ж. - 60000000,0 теңге  
 2007 ж. - 46500000,0 теңге  
 3) табиғат пайдаланушылармен қол қойылған келісім шеңберінде:  
 2005 ж. - 51000000,0 теңге;  
 2006 ж. - 62000000,0 теңге;  
 2007 ж. - 72500000,0 теңге.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау мен қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру:

тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жағдайды қалпына келтіруге және кейіннен оларды қорғау тиімділігін арттыру үшін негіз қалауға;

2006 жылы осы заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандырылған, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер санының азайып кетуіне жол бермейтін, оларды сақтауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ете алатын Республикалық мемлекеттік жануарлар қорғау жөніндегі мекеме құруға;

2006 - 2007 жылдары тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер таралымдарының санын, жас және жыныс құрылымын айқындауға;

2007 жылы тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді қолда ұстау жағдайында өсіру орталығын (фермасын) құруға;

2006 - 2007 жылдары тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер мекендейтін, өсімін молайтатын, қыстайтын аймақтарда және негізгі қоныс аудару жолдарында оларды қорғау мәртебесі мен режимі әртүрлі жаңа ЕҚТА-лар ұйымдастыруға және қазіргілерін қайта ұйымдастыруға;

2006 - 2007 жылдары тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер санын көбейту, оларды қорғау тиімділігін арттыру және ұтымды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бұл орайда тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері санының тұрақтануы және киіктердің таралу аймағы көлемінде олардың таралымының жыл сайынғы өсімінің биологиялық тұрғыдан негізделген 10% өлшемі бағдарламаны іске асырудың барлық жылы үшін сан мөлшерін сипаттайтын неғұрлым тұрақты өлшем болып қала бермек.

## 8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орын- дау (іске асыру)	Орындау (іске	Болжамды шығын-

			үшін жауап- тылар	асыру) мерзімі	дар, мың теңге
1	2	3	4	5	6
1. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің санын тұрақтандыру жөніндегі шаралар					
1	Киіктерді күзетуді жүзеге асыру және киіктердің таралу аймағында қасқырлар санын реттеп отыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ	Ақпан, 2006 ж.	90000,0 - 2005 ж.
2	Киіктер таралымын және республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын күзету үшін ұшу аппараттарын сатып алу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ	Ақпан, 2006 ж.	20000,0 - 2005 ж.
3	Ұшу аппараттарына қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ	Ақпан, 2006 ж. Ақпан, 2007 ж. Ақпан, 2008 ж.	30000,0 - 2005 ж. 35000,0 - 2006 ж. 40000,0 - 2007 ж.
4	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ (шақыру) ҚР БҒМ	Ақпан, 2006 ж. Ақпан, 2007 ж.	25500,0 - 2005 ж. 20000,0* - 2006 ж.

	түрлері есебін және бақылауын (мониторинг) ұйымдастыру. Таралымдардың жай-күйін тұрақты түрде жедел бағалап отыру			Ақпан, 2008 ж.	20000,0* - 2007 ж.
5	Киіктердің жыныстық-жас құрамын анықтау (таралымдардағы ересек еркек, ұрғашы киіктердің санын, жас дарақтардың санын есептеу)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ (шақыру) ҚР БҒМ	Ақпан, 2006 ж.	3774,0 - 2005 ж.
6	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралу аймағы шегінде жыртқыштар санын реттеп отыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат  ҚР АШМ-ға ақпарат	ҚР АШМ  Облыс-тар әкімдері	Ақпан, 2007 ж. Ақпан, 2008 ж.  Қаңтар, 2007 ж. Қаңтар, 2008 ж.	10000*,0 - 2006 ж. 10000*,0 - 2007 ж.  22000,0* - 2006 ж. 22500,0* - 2007 ж.
7	Оқу орындары мен республикалық және аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сирек кездесетін тұяқты жануарлар мен киіктерді күзетуді және олардың санын қалпына	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат  ҚР АШМ-ға ақпарат	ҚР АШМ  Облыс-тар әкімдері	Ақпан, 2006 ж. Ақпан, 2007 ж. Ақпан, 2008 ж.  Қаңтар, 2007 ж. Қаңтар, 2008 ж.	- 2006 ж. 7000,0* - 2007 ж.

	келтіруді насихаттау				
8	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді күзету проблемалары, браконьерлікпен күресудің қолданылып жатқан шаралары бойынша кешенді социологиялық зерттеулер жүргізу	ҚР АШМ-ға ақпарат	Облыстар әкімдері	Қаңтар, 2007 ж.	15000,0* - 2006 ж.
9	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер бойынша анықтаушылар мен анықтамалар шығару жөнінде ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ҚР АШМ (шақыру) ҚР БҒМ	Ақпан, 2006 ж.	Қажет емес
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру					

10	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау мақсатында жаңа мемлекеттік табиғи қамалдар құрудың және қазіргілерінің алаңдарын кеңейтудің табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ	Ақпан, 2006 ж.	9000,0 – 2005 ж.
11	ЕҚТА-да кордондар салу туралы ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ҚР АШМ	Ақпан, 2006 ж.	Қажет емес
12	ЕҚТА кордондарын ұстау және оларға қызмет көрсету (штат, көлік, су және энергиямен қамтамасыз ету)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ	Ақпан, 2007 ж. Ақпан, 2008 ж.	7500,0 – 2006 ж. 7500,0 – 2007 ж.
13	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ	Ақпан, 2006 ж.	40000,0 – 2005 ж.

	күзету-ді жүзеге асыру				
3. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің таралымын есепке алу және оның мониторингі					
14	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер есіретін орталықтар (фермалар) құрудың табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ (шақыру) ҚР БҒМ	Ақпан, 2007 ж.	3000,0 - 2006 ж.
15	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктер есіретін орталық (ферма) құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ (шақыру) ҚР БҒМ	Ақпан, 2008 ж.	7500,0 - 2007 ж.
4. Халықаралық ынтымақтастық					
16	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түр-	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ (шақыру) ҚР СІМ	Ақпан, 2006 ж. Ақпан, 2007 ж. Ақпан, 2008 ж.	2000,0 - 2005 ж.

	лері мен киіктердің таралу аймағымен көршілес мемлекеттермен және халықаралық табиғат қорғау ұйымдарымен оларды қорғау жөнінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту				1000,0 2005 ж. 1500,0 - 2006 ж. 1500,0 - 2007 ж.
17	Тоғай кермари-лын, қарақұйрықты, арқарды және құланды олардың тарихи таралу аймақтары шегінде жерсіндіру жөнінде шаралар қолдану	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР АШМ (шақыру) ҚР БҒМ	Ақпан, 2006 ж. Ақпан, 2007 ж. Ақпан, 2008 ж.	5000,0 - 2005 ж. 4500,0* - 2006 ж. 5000,0* - 2007 ж.
18	Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді күзетуді жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат  ҚР АШМ-ға ақпарат	ҚР АШМ  Облыс-тар әкімдері	Ақпан, 2007 ж. Ақпан, 2008 ж.  Қаңтар, 2007 ж. Қаңтар, 2008 ж.	149538,0* - 2006 ж. 158239,0* - 2007 ж.  16000,0* - 2006 ж. 17000,0* - 2007 ж.  15000,0 - 2006 ж. 16000,0 - 2007 ж.

19	<p>Мынадай:</p> <p>1) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің гендік қорын сақтау;</p> <p>2) тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің оңтайлы санын анықтау жөнінде ғылыми зерттеулер өткізу бойынша ұсыныс енгізу</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ҚР АШМ (шақыру) ҚР БҒМ	Ақпан, 2006 ж.	Қажет емес
20	Бағдарламаны іске асыруға қаржы қаражатының жалпы қажеттілігі			3 жылға	844551,0
21	соның ішінде жылдар бойынша:			2005 ж. 2006 ж. 2007 ж.	226274,0 306038,0 312239,0
22	соның ішінде қаржыландыру кездері бойынша			2005 ж. 2006 ж. 2007 ж.	175274,0 184038,0* 193239,0*



				2006 ж.	60000,0*
				2007 ж.	46500,0*
				2005 ж.	51000,0
				2006 ж.	62000,0
				2007 ж.	72500,0

Ескертпе: 1. Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің таралу аймағына 13 (он үш) облыс енеді, олар – Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары

2. Жергілікті бюджеттен жұмсалатын болжамды шығыстар тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің барлық таралу аймағы – 13 (он үш) облыс үшін көрсетілген.

3. \* – Қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

4. ҚР АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

5. ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

6. ҚР СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

7. Облыстар әкімдері – Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары